

«Қараганды облысы Әділет департаменті» №  
2021 ж. «20» 01  
**ЗАИДЫ ТҮЛГАҒА**  
мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілді  
БСН 020 740 006 364  
Алғашқы тіркелген күні 2002 ж. «14.07»



Қараганды облысы білім басқармасының  
Бұқар жырау ауданы білім болімінің  
«Шешенқара жалпы білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
**ЖАРҒЫСЫ**

## 1 тарау. Жалпы ережелер

1. Караганды облысы білім басқармасының Бұқар жырау ауданы білім белімінің «Шешенқара жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі-мемлекеттік мекеме) осы Жарғыда көрсетілген тиісті функцияларды жүзеге асыру үшін мекеменің ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.
2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.
3. Мемлекеттік мекеме облыстың жергілікті аткаруыш органының шешімімен құрылады.
4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы: Караганды облысының әкімдігі болып табылады.
5. Мемлекеттік мекемені басқаруды жүзеге асыратын орган: Караганды облысы білім басқармасының «Бұқар жырау ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.
6. Мемлекеттік мекеменің мемлекеттік (казак) тілдегі толық атауы: Караганды облысы білім басқармасының Бұқар жырау ауданы білім белімінің «Шешенқара жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- орыс тілінде: Коммунальное государственное учреждение «Шешенкаринская общеобразовательная школа» отдела образования Бухар-Жырауского района управления образования Карагандинской области.
7. Мемлекеттік мекеменің орналаскан жері: 100423, Караганды облысы, Бұқар жырау ауданы, Шешенқара ауылдық округі, Шешенқара ауылы, Пискунова көшесі, 57 А.

## 2 тарау. Мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы бар бланкілері, мөрлері болуы мүмкін.
9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (катысушысы) бола алмайды.
10. Мемлекеттік мекеме өз міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде акша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет каражатымен субсидиарлық жауаптылықта бола алады.
11. Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мөмілелері олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумактық қазынашылық белімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін осы тарауда және өзге де құқықтық актілерде көрсетілген барлық тұындастырын функциялары бар мемлекеттік мекеменің басқару органы жүзеге асыра алады.

## **З тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары**

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні: жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің мұддесі үшін оқыту және тәрбиелеу; баланың жеке басының жан-жакты дамуы үшін колайлы жағдайлар жасау; білім алушылардың өз бетінше білім алуға және қосымша білім алуға қажеттілігін қанағаттандыру.

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген азаматтардың белгіленген жалпыға міндетті білім беру стандарттарын тегін орта білім алу құқығын іске асыру;

2) негізгі жалпы білім беру бағдарламаларын сапалы менгеруді көнтамасыз ету;

3) мәдениет деңгейі жоғары, қоғам өміріне бейімделген, терендетілген және кенейтілген білім беру бағдарламаларын саналы түрде таңдауға және итеруге дайын зияткерлік тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

4) көсіптік оқытуға бағытталған пәндер бойынша оқушыларды даярлау.

14. Мемлекеттік мекеме өз мақсаттарына кол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады: бастауыш, негізгі және жалпы орта, қосымша білім беру. Мекеме мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту (шагын орталық, мектепалды сыныптар) саласында білім беру қызметтерін көрсетеді. Қызметтің барлық түрлері «Рұксаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202 Қазақстан Республикасының Занында көзделген рәсімдер орындалғаннан кейін көрсетіледі.

Мекеме қызметінің негізгі міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылыктар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға, бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке тұлғанын шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаның дамуына жағдай жасау арқылы зияткерлікті байту;

3) азаматтық және патриотизмге, өз Отанын, Қазақстан Республикасын сүюге, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға және қоғамға карсы кез келген көріністерге тәзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық үстанимы бар тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саиси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке тұлғаның өз құқыктары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; казак жалының және республиканың баска да халықтарының тарихын, әдеб-ғұрыны мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік, орыс, шетел (агылшын, неміс) және баска да тілдерді менгеру;

6) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) қогам мен экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;

8) оқытудың жана технологияларын, оның ішінде кредиттік, қашыктықтан, аппараттық-коммуникациялық технологияларын енгізу және тиімді пайдалану;

9) жалпы оқыту, жұмыс орны бойынша оқыту және еңбек нарығының қажеттіліктері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге білім мен құзыреттілікке негізделген қоғамда озінің жеке әлеуетін барынша пайдалануға көмектесетін өмір бойы оқыту жүйесін дамыту;

10) білім алушылардың кәсіби уәждемесін қамтамасыз ету;

11) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың білім алуы үшін арналы жағдайлар жасау;

Мемлекеттік мекеме дамытушы оқытудың жана мазмұнын, оны енгізу бойынша түрлері мен әдістерді іздестіруді, өзірлеуді, эксперименттік оку жоспарларын, бағдарламалары мен косымша курсарды байкаудан өткізуді ұйымдастыратын білім беру ұйымы болып табылады. Оку үдерісін ұйымдастыру, басқару осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

Оку-тәрбие қызметі мемлекеттік жалпыға міндепті білім беру стандарттары негізінде әзірленген және жалпыға міндепті негізгі және косымша бағдарламаларды игеруді іске асыратын оку жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Мекеменің бағдарламалары мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің Үлгілік бағдарламаларына сүйенеді.

Мемлекеттік мекеме «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Занында белгіленген түрғыда оқытудың нысандарын, құралдары мен әдістерін тандауда дербес болады. Білім беру үдерісін жүзеге асыру үшін мектеп мекеме басшысымен бекітілген жылдық жұмыс оку жоспарын және оку сабактарының кестесін әзірлейді.

Оқыту тілі- мемлекеттік (казак) және орыс тілдері болып табылады.

Жұмыс оку жоспарының вариативті болігі:

1) жеке тандаумен, жеке даму бағдарламасымен, оқытудың инновациялық және технологияларын пайдаланумен;

2) мекеменің мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін косымша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жана оку бағдарламаларын, дамытушы пәндерді енгізу;

3) тұлғаның жалпы мәдени дамуына ықпал ететін, дүниетаным мен гуманистік сананы қалыптастыратын, шындықты танудың әмбебап тасілдерін менгеруге, білім алушылардың ойлау қызметін дамытуға бағытталған пәндер мен курстарды енгізу.

Мемлекеттік мекеме құрылымы:

1) әкімшілік (директор және оның орынбасарлары);

2) Әдістемелік Кенес, педагогикалық кенес, педагогикалық әдеп жөнніңдең кенес, қамкоршылық кенес, жалпы мектептік ата-аналар ұйымы, сыйыптық ата-аналар ұйымдары, пәндік әдістемелік бірлестіктер;

- 3) сынып, топ-мекеменің негізгі құрылымдық бірлігі.  
 4) мектепке дейінгі шағын орталық топтары.

Білім деңгейлері:

1) бастауыш білім берудін (1 - 4-сыныптар) негізгі стратегиялық бағыты бастауыш мектеп оқушыларының жеке қабілеттерін ашуға, қызметтің негізгі салаларында бастапқы бағдарлауды және оқытудың он уәждемесі негізінде шығармашылықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыруға, балалардың психофизикалық, зияткерлік және музикалық дамуы үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін дамыта оқыту болып табылады. Оку бағдарламасын менгеру мерзімі - 4 жыл;

2) негізгі орта білім беру (5 - 9-сыныптар) білім беру мазмұнын жанартуга бағытталған базалық әмбебап білім беруді қамтамасыз етеді, негұрлым күрделі танымдық үдерістерге өту үшін арнайы біліктер мен дағдыларды қалыптастырады; жалпы дамытуши және арнайы курстарды тандауды қамтамасыз етеді, оқушыларды оқытудың жеке жүйесін құруга мүмкіндік жасайды. Азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға және қоғамға карсы кез келген коріністерге тәзбеуге тәрбиелеу. Білім алушылардың кәсіптік бағдарлануын қамтамасыз ету. Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім алушын негізі болып табылады. Эрбір пәннің мазмұнын оку негізгі орта білім беру деңгейінде аяқталады. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламасын менгеру мерзімі-5 жыл;

3) жалпы орта білім беру (10-11 сыныптар) білім алушының танымға деген қызыгушылығын және шығармашылық қабілеттерін дамытуды, оқытуды сарапау негізінде өзіндік оку іс - әрекетінің дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Міндепті пәндерге косымша жеке тұлғанын мүдделерін, қабілеттері мен мүмкіндіктерін іске асыру мақсатында білім алушылардың тандауы бойынша пәндер енгізіледі, яғни қоғамдық-гуманитарлық немесе жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша бейіндік оқыту.

Жалпы орта білім беру бастауыш кәсіптік, орта кәсіптік (қыскартылған, жеделдетілген бағдарламалар бойынша) және жогары кәсіптік білім алу үшін негіз болып табылады. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламасын игеру мерзімі-2 жыл.

Тиісті контингенті көрсетілген сыныптар жиынтығын «Қарағанды облысы білім баскармасының Бұкар жырау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысымен келісіледі. Сыныптар жиынтығын қалыптастыруға мекеме басшысы дербес жауапты болады. Сыныптардағы оқушылар саны колданыстағы «Білім беру объектілеріне койылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелеріне сәйкес осы білім беру үйіміна тікелей бөлінетін бюджет қаражатын ескеріп, санитарлық нормативтерді сактаған жағдайда белгіленеді.

Сыныптар тізбесі мемлекеттік білім беру стандартында айқындалған пәндерді оку кезіндекемінде 20 оқушы санымен 2 кіші топка бөлініп мүмкін Егер оку жылы ішінде оқушылар саны 20 оқушыдан кем болған жағдайда

осы оку жылышын келесі токсанынан бастап 2 кіші топқа болу тоқтатылады. Жарғының осы тармағы бюджеттін мүмкіндіктерін ескереді;

Егер мемлекеттік мекеме мәртебесі бойынша шағын жинақталған мектепке жататын болса, онда оку-тәрбие үдерісі білім алушылардың аралас сыныптарда әртүрлі жастағы окуын ескере отырып қамтамасыз етіледі;

Шағын жинақталған мектептерде жекелеген пәндерді оку кезінде және сыныпта 10-16 білім алушы болған кезде кіші топтарға бөлуге жол беріледі. Сыныптарды бір сынып-жиынтыққа біріктіру және біріктіру кезінде әртүрлі жастағы білім алушылардың саны 10 адамнан аспауы тиіс. Шағын жинақталған мектептердегі сыныптарды толтыруға 3-10 және одан да көп адам жіберіледі. Үш немесе торт сыныпты біріктірген кезде оку сабактарын ұйымдастырудың жылжымалы кестесі колданылады. Бірінші сынып және бітіруші сыныптардың білім алушыларын бірлесіп оқытуға жол берілмейді;

Мемлекеттік мекемеде толық және жарты күндік болатын мектепке дейінгі шағын орталық жұмыс істей алады. Мектепке дейінгі шағын орталық мекеменің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және 2 жастан 5 жасқа дейінгі балаларды жан - жакты дамыту және баланы тәрбиелеу мен оқытуды, балаларды әлеуметтік бейімдеуді ұйымдастыруда олардың ата-аналарына консультациялық-әдістемелік колдау көрсету максатында құрылады.

Шағын орталыққа қабылдау мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау қагидалары негізінде жүргізіледі. Балаларды қабылдау үшін құжаттар тізбесі мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау қагидаларымен және мемлекеттік қызметтер көрсетудің тиесті мемлекеттік стандартымен айқындалады.

Мемлекеттік мекеме деңсаулық жағдайы туралы медициналық корытындыға сәйкес оқушылармен үйде сабак беруді қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің нұсқаулықтарына сәйкес аптасына оку сағаттарының саны болінеді, кесте жасалады, бүйрықпен педагогтардың жеке құрамы анықталады, откізілген сабактар журналы жүргізіледі. Ата-аналар (занды өкілдері) үйде сабак өткізу үшін жағдай жасауға міндетті.

Мектептегі оку сабактары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен басталады және аяқталады. Оку жылышын ұзақтығы, оның ішінде оку аиталары мен демалыстардың саны білім беру саласындағы мемлекеттік стандарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының езге де нормативтік актілеріне сәйкес айқындалады.

Мемлекеттік мекемеде келесі жұмыс режимі белгіленеді: бірінші аудиымда сабактардың басталуы – 8:00 (8:30 немесе 9:00) сағат, екінші аудиымда – 13:30 (14:00) сағат. Сабак кестесін мектеп басшысы немесе оны азамастыратын тұлға бекітеді. Сабак кестесінде оку сабактарының күн сағынды саны, ұзақтығы мен реттілігі, сондай-ак, сабак арасындағы үзілістің ұзақтығы көрсетіледі. Мектептегі сабак кестесінің сұраптары колданыстағы «білім беру нысандарына койылатын санитарлық-эпидемиологиялық тапшылар» санитарлық ережелерімен реттеледі. Сабак кестесі уәкілетті

органдар және (немесе) лауазымды адамдар белгілеген шектеу шараларына негізделген эпидемиологиялық жағдайға сәйкес өзгеруі мүмкін.

Сабактар арасындағы үзіліс кезеңінде мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ата-аналар мен жалпыға міндепті оку корының каражаты есебінен мектеп асханасында жүзеге асырылатын білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастырады.

Мемлекеттік мекемедегі тәртіп білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтардың адамдық қадір-қасиетін күрметтеу негізінде колдау табады. Білім алушыларға катысты физикалық және психикалық зорлық-зомбылық әдістерін колдануға жол берілмейді. Окushыларға дәрігерге дейінгі медициналық қызмет көрсетуді медицина бикесі камтамасыз етеді, ол әкімшілікпен және педагогикалық қызметкерлермен катар білім алушылардың денсаулығы мен дene бітімінің дамуына, емдеу іс-шараларын жүргізуге және санитарлық-тигиеналық нормаларды сактауга жауапты болады. Дәрігерлік медициналық қызмет көрсетуді жергілікті деңгейдегі денсаулық сактау органдары (емхана) жүзеге асырады. Мектеп окушылары кесте бойынша медициналық тексеруден өтеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының талаптарына сәйкес мектепте мектеп формасы міндепті. Оны кио тәртібі мен стилі мектептің Қамкоршылық кенесінің келісімі бойынша мектеп басшысының бүйрығымен бекітіледі. Мектеп киімі нысаны зайырлы оку сипатына сәйкес келуі керек. Бас киімдер мен түрлі конфесиялардың діни тиесілілігінің атриуттарын қоса алғанда, киім элементтерін мектеп формасына қосуға жол берілмейді;

міндепті мектеп киім нысанына койылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бүйрығында белгіленген жалпы талаптарға сәйкес болуы тиіс;

Мемлекеттік мекемеде саяси партиялардың, когамдық-саяси және діни қозғалыстар мен ұйымдардың ұйымдық құрылымдарын құруга және олардың қызметіне жол берілмейді. Мекеме зайырлы және діни білім берудің белек қагидаларын сактауға міндепті. Кез келген нысанда діни тәрbiеге жол берілмейді.

Инклузивті білім беру максатын іске асыра отырып, мектеп ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға олардың білім алуы және білім берудің барлық деңгейлерінде әлеуметтік бейімделу үшін ариайы жағдайларды камтамасыз етеді. Білім алушылардың ата-аналарының немесе өзге де заңды екілдерінің мүдделерін ескере отырып және Бұкар жырау ауданының білім белімінің келісімі бойынша мамандар болған жағдайда мектепте инклузивті сыныптар ашылуы мүмкін (бір сыныпта ерекше білім беру қажеттіліктері бар екі баладан артық емес білім алуға болады). Инклузивті сыныптарда психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның корытындысы мен ұсынымдары бойынша білім алатын ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар жалпы білім беретін оку немесе жеке бағдарлама бойынша диагнозға сәйкес түзету жұмыстарының жағдайлары болған кезде оны алады. Инклузивті сыныптарда оқытын ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін ариайы педагогтармен (олигофренопедагог, сурдопедагог,

тифлопедагог, дефектолог-мұғалім, логопед-мұғалім) түзету сабактары жүргізіледі. Мектепте тұракты негізде өз жұмысын логопункт жүзеге асыра алады. Логопунктың ашылуы «Қарағанды облысы білім басқармасының Бұқар жырау ауданы білім беру болімі» мемлекеттік мекемесі басшысының бүйрығымен рәсімделеді.

Мемлекеттік мекемеге қабылдау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына окуга қабылдаудың үлгі кагидалары негізінде жүргізіледі. Балаларды қабылдау үшін құжаттар тізбесі бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына окуга қабылдау ережесімен және Мемлекеттік қызмет көрсетудің тиісті мемлекеттік стандартымен аныкталады. Бірінші сыныпқа қабылдау кезінде ата-аналардың немесе баланың заңды өкілдерінің мұғалімді таңдауга құқығы жок. Сыныптан сыныпқа ауыстыру үлгерім нәтижелері бойынша педагогикалық көңестің шешімімен жүргізіледі.

Мектепалды сыныптарға қабылдау ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтініші бойынша жүзеге асырылады;

Мектепте білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және корытынды аттестаттау жүргізу бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, аралық және корытынды аттестаттаудың үлгі ережесіне сәйкес жүргізіледі.

Корытынды аттестаттаудан сәтті өткен түлектерге мекеменің мөрімен расталған тиісті білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

Кәмелетке толмаган білім алушыларды мектептен шығару ерекше жағдайларда құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасағаны, білім беру үйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру үйымын мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша жол беріледі. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларды алып тастау туралы шешім корғаншы және қамкоршы органдардың келісімімен қабылданады. Кәмелетке толған білім алушыларды мектептен шығаруға құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны, білім беру үйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны, сондай-ак, үлгерімі үшін педагогикалық көңестің шешімі бойынша жол беріледі;

Тәрбиленушілерді шағын орталық топтарынан шығару ай сайынғы тәлем уақытыны толенбеген, баланы дәлелді себептерсіз бір айдан артық еткізіп алған жағдайларда, медициналық қарсы көрсетілімдер болған кезде жүргізіледі;

Білім алушыларға дәрігерге дейінгі медициналық қызмет көрсетуді мейірбике қамтамасыз етеді, ол әкімшілікпен және педагогикалық қызметкерлер құрамымен катар білім алушылардың денсаулығы мен физикалық дамуына, емдеу іс-шараларын жүргізуге және санитариялық-гигиеналық нормаларды сактауға жауапты болады. Дәрігерлік медициналық қызмет көрсетуді жергілікті деңгейдегі денсаулық сактау органдары (емхана) жүзеге асырады. Білім алушылар кесте бойынша медициналық тексеруден етеді;

Жалпы білім беру үдерісінің катысушылары: білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер, білім алушылардың ата-аналары (оларды алмастыратын адамдар) болып табылады.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім алуға күкігі бар:

- 1) тегін жалпы орта білім алуға;
- 2) әртүрлі қызмет түрлеріндегі ерекше табыстары үшін көтермелеге;
- 3) медициналық қызмет көрсетуге;
- 4) кітапхана корын тегін пайдалану;
- 5) косымша білім беру қызметтерін алуға;
- 6) мекеменің баскаруға катысуға;
- 7) адамның кадір-қасиетін құрметтеуге, ар-ождан мен ақпарат бостандығына, өз пікірлері мен сенімдерін еркін білдіруге.

Мемлекеттік мекеме зайырлы және діни білімнің бөліну қагидатын үстанады. Діни тәрбиенің кез келген түріне жол берілмейді:

Білім алушылар міндетті:

- 1) мектеп Жарғысын және ішкі тәртіп ережелерін орындауға;
- 2) жақсы окуға және мектеп мүлкіне ұқыпты қарауға; білім алушының мектеп мүлкіне келтірілген залал жағдайында ата-анасымен бірге оның құнын қалпына келтіруге және өтеуге;
- 3) мектептің басқа да білім алушылары мен қызметкерлерінің арнамысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 4) Жарғыга және білім беру үйимы басшысының бүйрекіна сәйкес белгіленген мектеп формасын кию.

Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің:

- 1) баланың тілегі, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру үйимын таңдауға;
- 2) камкоршылық кенес немесе ата-аналар үйымдары арқылы білім беру үйимдарын басқару органдарының жұмысъына катысуға;
- 3) білім беру үйимдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінезд-құлқына және оку жағдайларына катысты ақпарат алуға;
- 4) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда өз балаларын оқыту және тәрбиелеу проблемалары бойынша консультациялық көмек алуға күкілі;

Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер міндетті:

- 1) балалардың омірі мен окуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың интеллектуалдық және дене күшін дамытуды, адамгершілік жағынан қалыптасуын камтамасыз етуге;
- 2) балаларды одан әрі жалпы білім беретін мектепке айқындей отырып, мектепалды даярлықты камтамасыз етуге;
- 3) мемлекеттік мекеменің жарғысында айқындалған қагидаларды орындауға;
- 4) балалардың мемлекеттік мекемедегі сабактарға катысуын камтамасыз етуге;
- 5) мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің арнамысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

6) білім беру саласындағы үәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына койылатын талаптарды орындауға;

7) мемлекеттік мекемеде белгіленген киім нысанын сактауга міндettі;

Ата-аналар (олардың орнындағы адамдар) мектеп Жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін орындауға және өз балаларын тәрбиелеу мен оқытуға, сондай-ақ мемлекеттік меншікке ұқыпты қарауға жауапты болуға міндettі.

Мемлекеттік мекемені басқару Қазакстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады. Алқалық басқару нысаны Қазакстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен педагогикалық кенес болып табылады.

Мемлекеттік мекемені тікелей басқаруды директор жүзеге асырады.

Директор жауап береді:

1) мектеп қызметкерлерінің біліктілік деңгейі, оку жоспары мен оку үдерісінің кестесіне сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асыру, білім алушылардың білім сапасы, өмірі мен деңсаулығы, Қазакстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оку-тәрбие үдерісі кезінде мектеп оқушылары мен қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарын сактау үшін;

2) облыстық және қалалық маңызы бар білім беру органдарының нормативтік актілерін, бұйрықтарын, лауазымдық нұскаулықпен белгіленген лауазымдық міндettтерін дәлелді себентерсіз орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін, оның ішінде берілген құқықтарды орындағаны үшін;

3) білім алушының жеке басына дene және (немесе) психикалық зорлық-зомбылықпен байланысты тәрбие әдістерін, оның ішінде бір рет колданған, сондай-ақ өзге де моральдік теріс қылыш жасағаны үшін директор еңбек заңнамасына сәйкес атқаратын қызметінен босатылуы мүмкін;

4) өрт кауіпсіздігі, еңбекті коргау ережелерін, оку-тәрбие үдерісін үйімдастырудың санитарлық-гигиеналық ережелерін бұзғаны үшін мектеп директоры Қазакстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке тартылады.

Педагогтік қызметпен айналысуға тек тиісті бейіндері бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар адамдар жіберіледі.

Мектепте жұмыс істеуге:

1) медициналық қарсы корсетілімдері бар;

2) психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұрган. Жылына бір рет, оку жылының басында педагог психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұрмайтынын ратайды;

3) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;

4) Қазакстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен әрекетке кабілетсіз немесе әрекет кабілеті шектеулі деп танылғандар;

5) Қазакстан Республикасының Енбек Кодексінде көзделген шектеулер негізінде адамдар жіберілмейді.

Жұмыска қабылдау кезінде мектеп директоры азаматтық қызметшінің тиісті бос лауазымдарына орналасуға койылатын біліктілік талаптарын басшылыққа алуға міндettі. Тиісті білімсіз педагогикалық қызметпен

айналысуга жол берілмейді. Педагогикалық лауазымдар бойынша азаматтарды қабылдау тәртібін бұзғаны үшін директор дербес жауапты болады. Мекеме қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері тиісті лауазымға немесе қызмет түріне қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен аныкталады.

Мемлекеттік мекемені басқарудың бір түрі-педагогикалық кенес. Педагогикалық кенестің құрамына: білім беру үйімінің басшысы (төрага), оның орынбасарлары, педагогтар, тәрбиешілер, психолог, әлеуметтік педагог кіреді. Білім беру үйімінің педагогикалық кенесінің отырысына ата-аналар үйімдарының немесе камкоршылық кенесінің мүшелері шақырылады. Педагогикалық кенестің құрамы оку жылына арналған білім беру үйімінің басшысының бұйрығымен бекітіледі. Педагогикалық кенес өз құрамынан бір жыл мерзімге хатшы сайлайды.

Педагогикалық кенес:

1) мемлекеттік мекемелерде нормативтік құқықтық актілерді орындау жөніндегі іс-шаралар;

2) оқу-тәрбие және әдістемелік жұмыстың жай-күйі, оқытудың барлық түрлері бойынша оқыту әдістерін жетілдіру мәселелері, оқытудың жаңа технологияларын енгізу;

3) оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау мәселелері;

4) корытынды аттестаттауды откізу, білім алушыларды емтиханға жіберу, ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыларды емтиханнан босату, білім алушыларды келесі сыныпқа ауыстыру немесе оларды қайта курска калдыру, білім алушыларды грамоталармен, мактау қағаздарымен марапаттау, негізгі орта білімді үздік бітіргені туралы аттестат, негізгі орта білімді бітіргені туралы аттестат, алтын белгі, үздік аттестат, жалын орта білім туралы аттестат, белгіленген үлгідегі аныктама беру мәселелері;

5) оқу жүктемесін болу, тарификацияны бекіту, аттестаттауга дайындау, педагогтарды марапаттау және көтермелеу мәселелерін карастырады.

Педагогикалық кенестің жұмысы оку жылына әзірленетін жоспарға сәйкес жүргізіледі, педагогикалық кенестің отырысында қаралады және білім беру үйімінің басшысымен бекітіледі. Педагогикалық кенес жылына кемінде бес рет жиналады.

15. Мемлекеттік мекеменің осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ак мәмілелерді жасауға құқығы жоқ.

16. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының зандарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек койылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі: құрылтайшының, тиісті саланың уәкілетті органының, сондай-ак оған қатысты осы Жарғыда көрсетілген мүлікке қатысты құқық субъектісінің, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның функцияларын жүзеге асыратын органның талап қоюы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

#### 4 тарау. Мемлекеттік мекемені басқару

17. Мемлекеттік мекемені жалпы басқару «Қарағанды облысы білім баскармасының Бұқар жырау ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесімен жүзеге асырылады.

18. Қарағанды облысының әкімдігі мемлекеттік мекемені қайта үйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды.

«Қарағанды облысының экономика баскармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келесі қызметтерді жүзеге асырады:

- 1) коммуналдық мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп, береді;
- 2) мемлекеттік мекеменің жарғысын, оны енгізуі, өзгертуі және толықтыруды бекітеді.

«Қарағанды облысы білім баскармасының Бұқар жырау ауданы білім болімі» мемлекеттік мекемесі заннамамен белгіленген тәртіpte келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекеменің басшысы тағайындалады;
- 2) мемлекеттік мекеменің қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 3) мемлекеттік мекеме мүлкінің сакталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 4) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, калыптастыру тәртібін және өкілеттіктерінің мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер кабылдау тәртібін анықтайды;
- 5) мемлекеттік мекеме директорының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, оны атқаратын қызметінен босатудың негіздерін белгілейді;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің штат санын, тарифтеу тізімдерін және өзге де қаржы-шаруашылық күжаттамасын келіседі;
- 7) мемлекеттік мүлік жоніндегі уәкілетті органга мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып коюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісім береді;
- 8) мемлекеттік мекеменің құрылтайшысына мемлекеттік мекемені қайта үйымдастыру және тарату туралы ұсыныстар енгізеді;
- 9) өзіне осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Мемлекеттік мекеменің директоры «Қарағанды облысы білім баскармасының Бұқар жырау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекеме басшысымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады және білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тағайындау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Мемлекеттік мекеменің директоры мемлекеттік мекеменің жұмысын үйымдастырады және оған басшылық жасайды, «Қарағанды облысы білім баскармасының Бұқар жырау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

21. Мемлекеттік мекеменің директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және мемлекеттік мекеме кызметінің мәселелерін Қазакстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз күзыретіне сәйкес дербес шешеді.

22. Мемлекеттік мекеме директорының мемлекеттік мекеменің жарғылық емес қызметті жүзеге асыруына бағытталған іс-әрекеттері Еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

23. Мемлекеттік мекеменің директоры Қазакстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүдделерін білдіреді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді казақстандық және шетелдік оку орталыктарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері жөніндегі жоспарларын бекітеді;

6) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазакстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

8) Қазакстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелеб шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;

9) өзінің орынбасарлары мен мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқынрайды;

10) сыйайлас жемкорлыққа карсы заңнаманы сақтау бойынша жұмысты ұйымдастырады, оның ішінде білім беру үйімінде сыйайлас жемкорлықтың профилактикасы және алдын алу бойынша шаралар қабылдайды;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және «Қарағанды облысы білім басқармасының Бұкар жырау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесімен өзіне жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

## **5 тарау. Мемлекеттік мекеменің мүлкін құру тәртібі**

24. Мемлекеттік мекеме мүлкінің күнін оның тенгерімінде көрсетілетін заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың есебінен қалыптастырылады:

1) құрылтайшы (меншік иесі) берген мүлік;

2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (акшалай кірістерді коса алганда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзгे де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. Мемлекеттік мекеме өзіне бекітіліп берілген мүлікті және өзіне смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқылы емес.

26. Мемлекеттік мекеменің қызметі Караганды облысының бюджетінен қаржыландырылады.

27. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізді және есептілікті ұсынуды.

Бухгалтерлік есепті және мемлекеттік мекеме үшін есептілікті ұсынуды барлық туындайтын функциялары бар мемлекеттік мекеменің басқару органы жүзеге асыра алады.

28. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру және тексеру Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

## **6 тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі**

29. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі Еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заннамасының нормаларына кайши келмеуге тиіс.

## **7 тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

30. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу колданылып жүрген заңдарда белгіленген өкілеттіктерге сәйкес осы шешімді қабылдаған құрылтайшының немесе органның шешімі бойынша жүргізіледі. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу «Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Занына сәйкес аумактық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

## **8 тарау. Мемлекеттік мекеменің қайта үйымдастыру және тарату шарттары**

31. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қайта үйымдастыру Караганды облысы әкімдігінің шешімі бойынша жүргізіледі.

32. Мемлекеттік мекеме заң актілерінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылады.

33. Мемлекеттік мекеменің қайта үйымдастыруды және таратуды «Караганды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесімен келісім бойынша Караганды облысының әкімдігі жүзеге асырады.

34. Таратылған мемлекеттік мекеменің кредиторлардың талаптарын канагаттандырғаннан кейін калған мүлкін «Караганды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі қайта боледі.

35. Таратылған мемлекеттік мекеменің ақшасы, осы заңды тұлғаның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған каражатты коса алғанда, кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақша тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

**9 тарау. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер**

36. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жок.

Директоры



(жолы)

Т.Т. Жаксыбеков